

Аудандық төтенше эпидемияға қарсы комиссияның құрамы туралы

Ақмола облысының Атбасар ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 27 мамырдағы N а-5/186 қаулысы. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 25 маусымда N 1878 тіркелді

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 17 тармағына, Қазақстан Республикасының "ҚР азаматтардың денсаулығын Қорғау жөнінде Заңының 1 бабының 1 және 2 тармақтары, Қазақстан Республикасының "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулықтары туралы" Заңының 2 бөлімінің 8 бабына сәйкес, аудан әкімдігі қаулы етті:

1. Аудандық төтенше эпидемияға қарсы комиссия төмендегі құрамда құрылсын:

Боброва Людмила Ивановна - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрайымы.

Михель Юрий Эмануилович - ауданның бас санитарлық дәрігері, комиссия төрайымының орынбасары /келісімі бойынша/.

Файзуллина Бахытжан Уәзірқызы - ішкі саясат бөлімінің бастығы, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Баклан Виктор Григорьевич - Атбасар қаласының әкімі

Тұрманов Мырзағұл Ерғалиұлы - аудандық әскери комиссар /келісімі бойынша/.

Жолдаш Иван Юрьевич - Ақмола облыстық аймақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының уәкілетті мемлекеттік инспекторы /келісімі бойынша/.

Тұрқашев Амангелді Қобланбекұлы - "Орталық" телекоммуникацияның бірлескен торабының басшысы /келісімі бойынша/

Қапанова Зейнегүл Қасымқызы - "Аудандық денсаулық сақтау бөлімі" ММ меңгерушісі

Марунич Людмила Васильевна - Атбасар қ. әкімінің орынбасары

Сексенбаева Жанат Бекетовна - "Аудандық білім бөлімі" ММ меңгерушісі

Ермак Тарас Александрович - аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы

Стригун Николай Андреевич - "Ауылшаруашылық бөлімі" ММ меңгерушісі

Кәженов Жоламан Ғалымұлы - ҚР АШМ аймақтық басқармасының басшысы /келісімі бойынша/.

Қамбатыров Нұржан Төлегенұлы - аудан әкімі аппаратының АҚ және ТЖ жөніндегі бас маман

Ғазизов Жанат Ыдрысұлы - ауданның бас ветеринарлық дәрігері /келісімі бойынша/.

2. Комиссия жұмысын аудандық төтенше эпидемияға қарсы комиссия туралы Ережеге сәйкес жүргізеді.

3. Аудандық төтенше эпидемияға қарсы комиссияның құрамын аудандық мәслихат сессиясында бекітуге енгізу.

4. Аудан әкімінің 2002 жылғы 30 мамырдағы "Аудандық төтенше эпидемияға қарсы комиссияның құрамын өзгерту жөнінде" N№83 шешімі күшін жойды деп есептелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің орынбасары Л.И.Боброваға жүктелсін.

Атбасар ауданының әкімі

Атбасар ауданы әкімдігінің
27 мамыр 2003 жылғы N а-5/186
қаулысымен бекітілді

**Аудандық төтенше эпидемияға қарсы комиссия туралы
Ереже**

1. Жалпы Ереже

1. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

2. Комиссияның құрамы аудан әкімдігінің қаулысымен бекітіледі және аудандық мәслихат сессиясына бекітуге салынады.

3. Комиссия өз қызметін мемлекеттік органдармен, мекемелермен өзара байланыста жүзеге асырады.

2. Комиссияның мақсаты, міндеті және қызметі

4. Комиссияның мақсаты аурудың алдын алу, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар д а й ы н д а у .

5. Жұқпалы және паразиттік аурулар қаупі туғанда шектеулі шаралар, халық тұрмысы мен шаруашылық қызметінің аса маңызды жағдайларымен карантин о р н а т а д ы .

6. Аудан халқының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын сұрыптау, жан-жақты және о б ь е к т и в т і з е р т т е у .

7. Комиссия өз құзырының шегіндегі отырыстарына мемлекеттік орган, мекеме, ведомство және кәсіпорын басшыларын шақыруға және эпидемиологиялық жағдайда катер туындау сұрақтары жөнінде есептерін, хабарлама тыңдауға, өз қызметіне қажетті құжаттар, материалдар және ақпараттар сұрауға құқылы.

3. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

8. Комиссияны аудан әкімі тағайындаған төраға басқарады.

9. Комиссия құрамына аудандық мемлекеттік органдар мен басқа ұйым өкілдері е н е д і .

10. Комиссия отырысы қажеттілігіне орай өткізіледі.

11. Комиссия отырысына қатысқан мүшелердің санынан жай дауыстардың көптігімен комиссия шешім қабылдайды. Дауыстардың теңдігі кезінде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның отырысы құқықты болып есептеледі, егер оған кеңес мүшелерінің жалпы санынан кем дегенде 2/3 қатысса. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

12. Комиссияның төрағасы:

- комиссияның қызметін ұйымдастырады және жетекшілік етеді;
- комиссияның отырысының күн тәртібін ресімдейді;
- комиссияның отырысын шақырады және төрағалық етеді. Комиссияның төрағасы жоқ болған кезде оның тапсырмасымен отырысты орынбасары немесе комиссия мүшелерінің біреуі төрағалық етеді.

13. Комиссияның қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдастыруды қамтамасыз ету комиссия хатшысымен жүзеге асырылады, аудан әкімі аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің бірінің функциясын орындайды.